ШЫНДЫҚҚА АПАРАТЫН БІРДЕН - БІР ЖОЛ - ҒЫЛЫМ ЖОЛЫ

# Ясауи университеті

a.yassaui@mail.ru
УНИВЕРСИТЕТ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ҮНІ
№01 (447), 16 қаңтар 2018 жыл

ЖОЛДАУ
ӨНЕРКӘСІПТІҢ ДАМУЫ - ЕЛБАСЫ ЖОЛДАУЫНДА 02

ҒЫЛЫМ/ БІЛІМ
ЖАС ҒАЛЫМДАР СЕМИНАРЫ ӘЛЕУЕТІМІЗДІ АЙҚЫНДАП БЕРДІ 04

ОҚУ/ БІЛІМ
КӘСІБИ БАҒДАР - КЕЛЕШЕККЕ САЛЫНҒАН ИНВЕСТИЦИЯ 05

ӨНЕР/ БІЛІМ
ЖАСТАР ЖОБА ЖЕҢІМПАЗЫ АТАНДЫ 08

## БРИФ-ХАБАР

### «ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНЫҢ ҮЗДІК ОҚЫТУШЫСЫ» ГРАНТ ИЕГЕРЛЕРІ БЕЛГІЛІ БОЛДЫ

Қазақстанның ЖОО профессор-оқытушылар құрамының педагогикалық және ғылыми шеберлігін саралайтын дәстүрлі байқауға бұл жылы да еліміздің тәжірибелі ұстаздары құжат ұсынған.

» 02

### БІЛІМ БЕРУДІҢ ЖАҢА САПАСЫ

Елбасының жолдауы "Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері" деп аталады. ЖЕТІНШІ. Адами капитал – жаңғыру негізі.

Білім берудің жаңа сапасы барлық жастағы азаматтарды қамтитын білім беру ісінде өзіміздің озық жүйемізді құруды жеделдету қажет. Білім беру бағдарламаларының негізгі басымдығы өзгерістерге үнемі бейім болу және жаңа білімді меңгеру қабілетін дамыту болуға тиіс.

» 02

### МЫҢТӨБЕ ҚОРЫМЫ ҚАЗБАЛАРЫНЫҢ ҚҰПИЯСЫ АШЫЛДЫ

Елімізде Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар:рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру жұмыстары жүйелі түрде жүргізілуде. Тарих ғылымы рухани жаңғыруға жаңаша серпін береді десек, рухани жаңғыру үдерісіне үлес қосқан археологтарымызды мақтанышпен айта аламыз.

» 03

### СУ – ТІРШІЛІК КӨЗІ

Оқу орнымызды сумен қамтып отырған 19 су ұңғымалары жұмыс істейді. 750 метрлік тереңдіктен су шығаратын су ұңғымасы ғимараттарымызды ауыз сумен қамтамасыз етуде. Су ұңғымалары Қазақстан Республикасының арнайы су пайдалану заңдары, Қазақстан Республикасының Су Кодексі, суды өндіретін, пайдаланатын жобасы арқылы жүзеге асырылады.

» 03

## ТӨРТІНШІ ӨНЕРКӘСІПТІК РЕВОЛЮЦИЯ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ДАМУДЫҢ ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕРІ



Еліміздің университеттеріндегі педагогикалық кафедралар мен факультеттерді дамыту қажет.

Білім берудің барлық деңгейінде математика және жаратылыстану ғылымдарын оқыту сапасын күшейту керек.

Қазақстандықтардың болашағы – қазақ, орыс және ағылшын тілдерін еркін меңгеруінде.

Нәтижесінде, біздің барлық түлектеріміз елімізде және жаһандық әлемде өмір сүріп, жұмыс істеуі үшін қажетті деңгейде үш тілді меңгеретін болады.

Сонда ғана нағыз азаматтық қоғам құрылады.

Кез келген этникалық топтың өкілі кез келген жұмысты таңдай алады, тіпті Президент болып сайлануға да мүмкіндігі болады.

Қазақстандықтар біртұтас ұлтқа айналады.

Оқытудың мазмұндылығы заманауи техникалық тұрғыдан қолдау көрсету арқылы үйлесімді түрде толықтырылуға тиіс.

Цифрлық білім беру ресурстарын дамыту, кең жолақты Интернетке қосу және мектептерімізді видео құрылғылармен жабдықтау жұмыстарын жалғастыру қажет.

Жұмыс берушілерді тарту арқылы және халықаралық талаптар мен цифрлық дағдыларды ескере отырып, техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламаларын жаңарту керек.

«Баршаға тегін кәсіптік-техникалық білім беру» жобасын жүзеге асыруды жалғастыру қажет.

Мемлекет жастарға алғашқы мамандықты береді.

Үкімет бұл міндетті орындауға тиіс.

Орта мектеп пен колледждер және жоғары оқу орындары үздік оқытушыларының видео сабақтары мен видео лекцияларын Интернетте орналастыру керек.

Бұл барлық қазақстандықтарға, оның ішінде шалғайдағы елді мекен тұрғындарына озық білім мен құзыреттілікке қол жеткізуге жол ашады.

Жоғары білім беру ісінде жасанды интеллектпен және «үлкен деректермен» жұмыс істеу үшін ақпараттық технологиялар бойынша білім алған түлектер санын көбейту керек.

Осыған орай металлургия, мұнай-газ химиясы, агроөнеркәсіп кешені, био және IT-технологиялар салаларын зерттеу ісінде басымдық беретін жоғары оқу орны ғылымын дамыту керек.

Қолданбалы ғылыми-зерттеулерді ағылшын тіліне біртіндеп көшіруді жүзеге асыру талап етіледі.

Жоғары оқу орындары шетелдердің жетекші университеттерімен, ғылыми орталықтарымен, ірі кәсіпорындарымен және трансұлттық корпорацияларымен бірлескен жобаларды белсенді түрде жүзеге асыруы қажет.

Жеке сектордың бірлескен қаржыландыруға атсалысуы барлық қолданбалы ғылыми-зерттеу әзірлемелері үшін міндетті талап болуға тиіс.

Жас ғалымдарымызға ғылыми гранттар аясында квота бөліп, оларды қолдаудың жүйелі саясатын жүргізуіміз керек.

Білім беру саласына өзінің инвестициялық жобалары мен экспорттық әлеуеті бар экономиканың жеке саласы ретінде қарайтын кез келді.

Жоғары оқу орындарына білім беру бағдарламаларын жасауға көбірек құқық беріп, олардың академиялық еркіндігін заңнамалық тұрғыдан бекіту керек.

Оқытушылардың қайта даярлықтан өтуіне күш салып, жоғары оқу орындарына шетелдік менеджерлерді тартып, әлемдік университеттердің кампустарын ашу қажет.

Ұлттың әлеуетін арттыру үшін мәдениетіміз бен идеологиямызды одан әрі дамытуымыз керек.

«Рухани жаңғырудың» мән-маңызы да нақ осында.

Өзінің тарихын, тілін, мәдениетін білетін, сондай-ақ заманына лайық, шет тілдерін меңгерген,озық әрі жаһандық көзқарасы бар қазақстандық біздің қоғамымыздың идеалына айналуға тиіс.

**Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауынан қысқартылып алынды. 2018 жылғы 10 қаңтар**

## ЕЛБАСЫ ЖОЛДАУЫ – ЕЛ НАЗАРЫНДА

**Таяуда университетте құрылған қоғамдық келісім кеңесінің мүшелерінің қатысуымен дөңгелек үстел өтті. Жиынға ғылым және инновациялық істер жөніндегі проректор, профессор Т. Раимбердиев төрағалық етті.**



Онда Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауы талқыланды.

Профессор Г. Еркибаева Елбасының «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауы бойынша баяндама жасады. Профессор С. Садықов Жолдауда айтылған маңызды жайттарға тоқталып өтті. Тәрбие және мәдени істер департаментінің директоры Л.Есентаева: «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаланың жастарды тәрбиелеудегі рөлі тақырыбында баяндама жасады.

PhD Б.Сыздықов Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында Мыңтөбе қорымында жүргізілген археологиялық зерттеулер жайлы мәліметтер айтты. Жиын барысында Жолдауда айтылған негізгі он міндеттің маңызы талқыланды.

**ЯУ-ақпарат**

# АҚПАРАТ / ХАБАР

» ЖОЛДАУ

## ӨНЕРКӘСІПТІҢ ДАМУЫ - ЕЛБАСЫ ЖОЛДАУЫНДА

**Жақында Әлеуметтік ғылымдар факультеті ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2018 жылғы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты жолдауын талқылады.**

Қоғамдық ғылымдар кафедрасының профессоры С.Садықов жолдаудың жетінші бағыты «Адами капитал – жаңғыру негізі» атты бағытына кеңінен тоқталды. Факультет оқытушы-профессорлары құрамы жолдауды қолдап пікірлерін білдірді. Талқылауға Әлеуметтік ғылымдар факультетінің деканы, профессор М.Топлу, Тәрбие және мәдени істер департаментінің директоры Л.Есентаева және оқытушы-профессорлар құрамы қатысты .

Жиын барысында Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауын талқылап, міндеттер мен межелер жайында пікір алмасты.

**ЯУ-ақпарат**

## БІЛІМ БЕРУДІҢ ЖАҢА САПАСЫ

**Мария ЖАЗДЫҚБАЕВА,**
**Білім технологиялары кафедрасының доценті**

2019 жылдың 1 қыркүйегіне қарай мектепке дейінгі білім беру ісінде балалардың ерте дамуы үшін өз бетінше оқу машығы мен әлеуметтік дағдысын дамытатын бағдарламалардың бірыңғай стандарттарын енгізу қажет. Бір байқағанымыз, Жолдауда «білім»



сөзі 24 рет кездеседі екен. Бұл білім саласы басты назарда екенін көрсетсе керек.

Жолдаудың бір ерекшелігі – мұнда білім саласының барлық салалары бойынша нақты міндеттер айқындалған. Мысалы, Президент орта мектеп, колледж, ЖОО үздік оқытушыларының бейнесабақтары мен бейнелекцияларын Интернетке орналастыру керек екенін атап өтті. Бұл расымен, еліміздің түкпір-түкпіріндегі ұстаздарға қолжетімді әрі пайдалы дүние болары анық.

Жаңартылған білім беру мазмұны — қазіргі заман талабы Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында айқындалған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың негізгі міндеттері:

- мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнын жаңарту;

- балаларды сапалы мектепке дайындауға бағытталған инновациялық әдістер мен технологияларды енгізу;

- мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының дамуын бақылау бойынша индикаторлар жүйесін енгізу;

- ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана отырып, білім беру процесін интерактивті құру;

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мазмұнына мектеп жасына дейінгі балаларға арналған оқыту және дамыту бағдарламалары бар, ресурстар кіретін интерактивті жабдықтар жатады. Бұл технологиялар балалардың логикасының, ойлауының, сенсорлық қабілеттерінің дамуына ықпал етеді.

Мектепке дейінгілермен жұмыс түрі мен әдістері педагогпен мектепке дейінгі ұйымның бағыттарының ерекшелігіне, жабдықталуына (материалдық-техникалық қор) және педагогтың кәсіби әлеуетіне сәйкес өздігінен таңдалып, іске асырылады.

Қашан да білімді ұрпақ – болашағымыздың кепілі. Егеменді еліміздің тағдыры – жас ұрпақтың тағдыры – бүгінгі ұстаздардың қолында. Мұғалімнің инновациялық дайындығын қалыптастыруда белсенді болуы, жаңа көзқарас – білсем, үйренсем, қолдансам деген әрекеттерді іске асыруға бейім болу керек және соған ұмтылу керек деп ойлаймыз.

Жас ұрпақтың ұлттық дүниетанымын әлемдік мәдени құндылықтармен жетілдіріп отыруға, ұлттық құндылықтарды сақтай білуге, өркениетті дүниеде болып жатқан өзгерістерді ескере отырып, тарихи экономикалық ахуалын терең танытуға жете назар аударуымыз қажет. Қашанда ел тұтқасын жан-жақты білімді ұрпақ ұстаған шақта ғана өркениет алға қарай дамымақ. Ол үшін қазіргі таңдағы жеке тұлға өзіндік дәлел нанымды жеткізе білетін, ынталы, сенімді, көңілді, белсенді, сыни пікір-көзқарастары жүйелі дамыған, сандық технологияларда құзырлылық танытатын тұлға ретінде қалыптасуын қамтиды.

» БӘРЕКЕЛДІ!

## БІЗДІҢ МАҚТАНЫШТАРЫМЫЗ

**Ербол ТӨЛЕЖАНОВ,**
**Медицина факультетінің оқытушысы**

Нағыз ұстаз болу — бақыт әрі абырой. Шындығында, мұғалім болу оңай болып көрінгенмен, ал нағыз ұстаз болу екінің бірінің қолынан келе бермесі анық. "Ұстазды алтын діңгекке теңер едім", — деп ұлы педагог Ы.Алтынсарин айтқандай, ұстаз жолы — қиыншылығы мен қызығы бір басқа жетерлік мамандық атаулының ұлысы.

Білім беру кеңістігінде тәжірибелі де білімді, өз мамандығының хас шебері кәсіби ұстаздар жетерлік. Сондай ұстаздарымыздың қатарында Медицина факультетінің деканы



техн.ғ.д., профессор Сәрсенбек Тұртабаев және «Адам морфологиясы және физиологиясы» кафедрасының доценті, университет профессоры Совет Ажаев бар. Ұстаздықтың ұлы жолында 40 жылдан астам уақыт еңбегімен даралanған жандарды ерекше ілтипатпен айтуға болады.

Совет Ажаев, генетика сала-



сы бойынша ғылым кандидаты атағын алған тұңғыш қазақстандық ғалым. Жалпы гистология пәнінен ана тілімізде жазған екі оқулығы ҚР Білім және ғылым министрлігі және ҚР Денсаулық сақтау министрлігінде бекітіліп, барлық дерлік медициналық жоғары оқу орындарында қолданысқа ие болды. Қазіргі таңда Совет Ажайұлы жеке гистология пәні бойынша осындай деңгейде оқулық жазу үстінде. Осыған дейін алған марапаттары, 2011 жылы «ҚР Денсаулық сақтау үздігі» медалімен, 2015 жылы «Ұлағатты ұстаз» медалімен және 2016 жылы «ХҚТУ 25-жылдығы» медалімен марапатталған. Ол — ұлағатты ұстаз. Себебі ғибратты ғұмырының қымбат шақтарын болашақ буындарды оқыту мен тәрбиелеу ісіне арнап келеді. Өз ісіне берілген, шәкіртінің жанына нұр құя білген ұстаздың өмірі — болашақ үшін үлкен өнеге болып табылады.

Сәрсенбек Қойшыбайұлы осы күнге дейін 150-ден астам ғылыми және әдістемелік еңбектер дайындап шығарған. Бұл еңбектерінің ішінде ҚР Ұлттық патент ведомоствасы шешімімен өнертабысқа берілген 4 патент, 7 алдын-ала патент, 6 авторлық куәлік, жалпы және бейорганикалық химия саласы бойынша 43-тен астам оқу-әдістемелік құралдарын таныткан. Еңбекқор ағамыздың еңбегі бағаланып, 2005 жылы Шымкент қаласы әкімдігінің "Құрмет грамотасымен", 2006 жылы ҚР Білім және ғылым министрлігінің "Ы.Алтынсарин", 2009 жылы "ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері" төс белгісімен, «Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 20 жылдық» медалімен, 2016 жылы «ХҚТУ 25 жылдық» медалімен, 2017 жылы «Ясауи және Ұлағатты ұстаз» медалімен марапатталды.

Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарының қауымдастығы 22.12.2017жылы еліміздің жоғары білім беру жүйесінің дамуына қосқан зор үлесі мен жоғары білікті мамандар дайындаудағы ерен еңбегі үшін С.Ажаевты А.Байтұрсынов атындағы күміс медалімен және С.Тұртабаевты А.Байтұрсынов атындағы қола медалімен марапатталды. Осындай тұлғалы азаматтардың ерен еңбектері тек біздің университетіміздің ғана емес қазақ елінің маңдайына біткен мақтанышы деп тануға болады. Осындай еңбек сүйгіш жандарды жас мамандар үлгі тұтамыз.

Ұстаздарымызға медицина факультетінің атынан отбасыларына зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, ырыс пен ынтымақ, бақыт пен береке тілейміз! Марапаттарымен шын жүректен құттықтаймыз!

## «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» грант иегерлері белгілі болды



**Төребай Тұрмамбеков**



**Әлия Сарыбаева**



**Талғат Данияров**

Жуырда «ЖОО-ның үздік оқытушысы - 2017» байқауының нәтижесі жарияланды.

Қазақстанның ЖОО профессор-оқытушылар құрамының педагогикалық және ғылыми шеберлігін саралайтын дәстүрлі байқауға бұл жылы да еліміздің тәжірибелі ұстаздары құжат ұсынған.

Ахмет Ясауи университетінің 15 оқытушысы осы байқауға құжат рәсімдеген болатын. Нәтижесінде 200 үздік педагогтар қатарына төмендегі ұстаздар лайық танылып, грант игері атанды. Атап айтсақ, «Физика» кафедрасының меңгерушісі, ф.-м.ғ.д., доцент Т.Тұрмамбеков, «Физика» кафедрасының доцент м.а., п.ғ.к., Ә.Сарыбаева, «Педагогикалық ғылымдар» кафедрасының доценті, профессор м.а., Т.Данияров университет мақтанышына айналып отыр.

Бұл грант жоғары оқу орындарының оқытушыларына әлемнің жетекші университеттерінде ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге және біліктілікті арттыру мақсатында тағылымдамадан өтуге мүмкіндік береді.

Әріптестерімізді құттықтап, жаңа табыстар тілейміз!

» РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

# МЫҢТӨБЕ ҚОРЫМЫ ҚАЗБАЛАРЫ ҚҰПИЯСЫ АШЫЛДЫ





Елімізде Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру жұмыстары жүйелі түрде жүргізілуде. Тарих ғылымы рухани жаңғыруға жаңаша серпін береді десек, рухани жаңғыру үдерісіне үлес қосқан археологтарымызды мақтанышпен айта аламыз. Елбасының мақаласында айтылған «Қазақстанның киелі географиясы» және «Туған жер» бағдарламалары аясында университетіміздің Археология ғылыми-зерттеу орталығының қазақ-түрік бірлескен археологиялық экспедициясының ұжымы жүйелі жұмыс жасауда. Нақтырақ айтқанда Мыңтөбе қорымының қазба жұмыстарымен айналысуда. Жұмыс барысымен толық танысу үшін жоба жетекшісі PhD доктор Бақдәулет Сыздықовпен сұхбаттасуды жөн көрген болатынбыз.

**- Мыңтөбе қорымы жылдар бойы жұмбақ болып келген тылсым сырға толы қорым. Қорымның қазба жұмыстарымен айналысып жатқандарыңызға қанша уақыт болды?**

- 2017 жылдың тамыз-қыркүйек айларында Археология ғылыми-зерттеу орталығының қазақ-түрік бірлескен археологиялық экспедициясының мүшелерімен бірге Оңтүстік Қазақстан облысы Сарыағаш ауданы, Ақтөбе ауылдық округінде орналасқан Мыңтөбе қорымында археологиялық зерттеулер жүргіздік. Ондағы көне обаларды қандай тайпалар, қай уақытта тұрғызғандығын анықтау мақсатында жаңа әдістерді қолдана отырып далалық зерттеулер жүргіздік. Далалық археологиялық зерттеу жұмыстардың барысында қорымның жобасы сызылып обалардың нақты санын анықтадық. Сонымен қатар үш обада археологиялық қазба жұмыстарын жүргізіп еліміздің ежелгі тарихы жайында мағлұмат беретін жақсы нәтижеге қол жеткіздік.

**-Маусымдық археологиялық зерттеу жұмыстарының барысында жақсы нәтижеге қол жеткіздік деп отырсыз. Әр обаға жеке-жеке тоқталыңызшы.**

- Бірінші обада жүргізілген археологиялық қазба жұмыстардың нәтижесінде еліміздің құнды тарихи мәдени ескерткіші болып табылатын архитектуралық құрылыс «сағана» ашылды. Ашылған архитектуралық құрылыс еліміздің ерте орта ғасырына жататын құнды тарихи-мәдени ескерткіші болып табылады. Екінші обадан ежелгі тайпалардың ұзақта қаза тапқан туыстарына арнап жасаған «кенотаф» - бос қабірдің орны ашылды. Мұндай бос қабірлер аймақтағы қорымдарда көптеп кездеседі. Себебі жаугершілік заманда алыс сапарға аттанғанда немесе басқада себептермен денесі табылмаған адамды құрметтеп, өлгенде де адамның міндетті түрде "мәңгілік баспанасы" болуы керек деген түсінікпен туыстары бос қабірлер жасаған. Ал үшінші обада жүргізілген археологиялық зерттеу жұмыстарының нәтижесінде ежелгі тайпалардың дромосты жерлеу орны ашылып, қыш-құмыралар, әшекей бұйымдар мен жебе ұштарын кездестірдік. Табылған жәдігерлерді зерттей келе бұл обаның қаңлы тайпаларының қауыншы мәдениетіне жататындығын анықтадық.

**- Мыңтөбе қорымында археологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізген қазақ-түрік бірлескен археологиялық экспедициясының құрамында кімдер бар?**

- Қазақ-түрік бірлескен археологиялық экспедициясының құрамында «Мыңтөбе қорымы қазбалары» тақырыбындағы ғылыми жобаның Қазақстан тарапынан жетекшісі өзім, Түркия тарапынан доктор профессор Сулейман Южел Шенюрт, жоба орындаушылары т.ғ.к., профессор К.Жетібаев, PhD доктор М.Гурсой, М.Бахтыбаев есімді ғалымдармен бірге далалық және зертханалық зерттеулерде жаңа әдістерді қолдану арқылы зерттеулер жүргізудеміз.

**- Мыңтөбе қорымын бүгінге дейін зерттеген ғалымдар жайлы не білесіз?**

- Мыңтөбе қорымының зерттелу тарихына келер болсақ, 1948-1952 жылдары А.Н. Бернштамның басшылығындағы Оңтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясы Мыңтөбе қорымына алғашқы археологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізеді. Археологтардың назарын аудара бастаған қорымға 1958 жылы А.Г.Максимова, 1982-1986 жылдары Н.П.Подушкин, 2016-2017 жылдары А.Н.Подушкин археологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізеді. Жоғарыда аты аталған зерттеушілер қорымды жартылай жобаға түсірді. Сонымен қатар, қорымдағы бірнеше обада қазба жұмыстарын жүргізіп нәтижеге қол жеткізе алмай, қорымның хронологиясын жобалап анықтап картаға түсірді.

**- Археология ғылыми-зерттеу орталығының қазақ-түрік бірлескен археологиялық экспедициясының алдағы жоспары қандай?**

- Қазақ-түрік бірлескен археологиялық экспедициясының алға қойған жоспары өте көп. Біріншіден, Мыңтөбе қорымындағы археологиялық зерттеу жұмыстарын жүйелі жалғастыру. Сондай-ақ өңірдің ежелгі тарихын ғылыми айналымға енгізу. Екіншіден археологиялық қазба жұмыстардың нәтижесінде ашылған архитектуралық құрылыстарды ашық аспан астындағы музейге айналдыру әрі ежелгі тарихымызды келешек ұрпаққа сақтау. Туристік бағытта қолданысқа енгізу арқылы насихаттау. Үшіншіден университетіміздің студенттерін далалық практикаға қатыстыра отырып, соңғы, жаңа әдістермен ғылыми жаңалықтармен таныстыруды алдағы уақытқа жоспарлаудамыз.

**Сұхбаттасқан:**
**Гүлдана ҚАРАБЕКОВА**

# СУ – ТІРШІЛІК КӨЗІ



**Біз күнделікті пайдаланып жүрген су өмірімізде маңызды орын алады. Сусыз бір күніңізді елестетіп көріңізші, ол мүмкін емес. Ал осы күнделікті пайдаланып жүрген ауыз судың жағдайын білу мақсатында оқу ордамыздың «Шаруашылық қызметтері және инфраструктуралық даму департаментінің» инженер-гидротехнигі Сәкен Төреқұловпен кездесіп, әңгімелескен едік. Назарларыңызға ұсынамыз.**

**- Сусыз тіршілік атаулы өмір сүре алмайды. Көпшілігіміз ішіп отырған суымыздың қайдан, қалай келіп отырғанына мән де бермейміз. Аға, университет ғимараттарын қамтамасыз етіп отырған ауыз су қайдан ағып келіп жатыр?**

- Оқу орнымызды сумен қамтып отырған 19 су ұңғымалары жұмыс істейді. 750 метрлік тереңдіктен су шығаратын су ұңғымасы ғимараттарымызды ауыз сумен қамтамасыз етуде. Су ұңғымалары Қазақстан Республикасының арнайы су пайдалану заңдары, Қазақстан Республикасының Су Кодексі, суды өндіретін, пайдаланатын жобасы арқылы жүзеге асырылады. Су техникалық және ауыз су болып екіге бөлінеді. Өкінішке орай жер бетіндегі тұщы судың қоры өте аз. Еліміз тұщы су қоры тапшы мемлекеттер қатарына жатады. Сондықтан да күнделікті жұмсалатын судың лимиті белгіленген. Операторлар күнделікті журналға қанша су босатылғанын түсіріп отырады. Әр квартал сайын судың есебін облыстық су басқармасына беріп отырамыз. Инженер-гидротехниктің міндеті кәсіпорынның гидротехникалық құрылымдары мен басқа да өзара байланысты қосалқы жүйелердің жай-күйін қатаң бақылап отыру болып табылады.

**- Пайдаланып отырған ауыз судың құрамының тазалығы қалай тексеріледі?**

- Жер асты сулары өзінің ерекшелігі және құрылысы бойынша жер үстінде орналасқан судан ерекшеленеді. Олар жерге жауатын қар, жауындардан толықтырылады. Ауыз суын табиғи суларды тазарту арқылы алады. Ол үшін табиғи суды алдымен тұндырып, содан кейін сүзгіден өткізіп алып, зиянды бактериялардан тазарту үшін хлорлау және озондау әдістері қолданылады. Осы үрдістердің барлығы сумен жабдықтау стансаларында арнайы қондырғыларда жүргізіледі. Бізде Экология ғылыми-зерттеу институтының қызметкерлері судың құрамын, тазалығын әр 10 күнде тексеріп отырады.

**- Су маманы ретінде қандай су ішуге кеңес берер едіңіз?**

- Адам ағзасына кәдімгі табиғи сулар пайдалы екенін айтпасам да белгілі. Ғалымдар соңғы кездері шәй, түрлі сусындар, соның ішіндегі көп қолданатын кока-кола, энергетикалық сусындардың зиянын айтып дабыл қағуда. Кейбір мемлекеттер кока-кола секілді сусындарды пайдалануға тыйым салған. Мен өзім кәдімгі қара су арқылы емделдім. Судың күшін өз тәжірибемнен өткізіп, сезіндім десем болады. Америкалық ғалым Ф.Батмангхелиджднің айтуынша тек су ішу керек. Қазір ғалымдар осыны қолдап отыр. Крандардағы су хлорланады. Одан қорқудың қажеті жоқ. Ыдысқа құйып бетін 1-2 сағат ашып қойсаңыз хлор ұшып кетеді. Содан кейін пайдалана беруге болады. Сатылымдағы пластикалық ыдыстардағы сулар өңдеуден өткен. Оның пайдасы да, зияны да шамалы.

**- Сіз су арқылы емделдім дедіңіз, осыған толығырақ тоқтала кетесіз бе?**

- Студенттік кездің естелігі болып жабысқан аллергиядан 30 жылдан астам уақыт құтыла алмадым. Бет, қол аллергиядан қызарып, бөртіп кететін. Ішпеген дәрі мен қаралмаған дәрігерім қалмады. Барлық ем уақытша ғана әсер етеді. Осыдан 3 жыл бұрын Алматы қаласында дәрігер-гомеопатқа қаралдым. Олар адамды бастан-аяқ тексеріп барып емдейді екен. Маған күнделікті 1 литр суға бір парашокты микродозасын қосып берді де ішкізді. Болар-болмас дәрі суға салғанда жоқ болып кетеді. Судың дәмі де, түсі де өзгермейді. Ал мен осы әдіспен емделіп дертімнен жазылдым. Содан қолыма американдық ғалым Ф.Батмангхелидждің «Ваше тело просит воды» деген кітабы түсті. Кітапты оқығаннан кейін қандай ем алғанымды түсіндім. Мені сумен емдеген екен. 2 жыл болды қазір мен тек су ішіп жүрмін. Тағамдардың барлығын жей беремін, бірақ шәй, сусындар ішпеймін. Бастапқы кезде шәй ішіп қалған қазаққа тек су ішу оңайға түскен жоқ. Бірте-бірте суға өттім. Су – жақсы ақпараттық энергия сақтаушылардың бірі. Ол адам бойындағы энергияны өзіне сіңіріп алатындығы ғылыммен дәлелденген. Міне қазір 15 келі салмақ тастадым. Ең бастысы мазалап жүрген аурулардан құтылдым. Бұл судың құдіреті деп түсінемін.

**- Оқырмандарға не айтар едіңіз?**

- Ауыз су - тіршілік көзі, сондықтан әрбір тамшы суды үнемдейік. Судың да сұрауы бар екенін ұмытпасаңыздар екен деймін.

**- Әңгімеңізге рахмет.**

**Сұхбаттасқан:**
**Эльмира АРТЫҚБАЕВА**

# БІЛІМ / ҒЫЛЫМ

## ЖАС ҒАЛЫМДАР СЕМИНАРЫ ӘЛЕУЕТІМІЗДІ АЙҚЫНДАП БЕРДІ

**Талжан Раимбердиев**
**техн.ғ.д., профессор,**
**ғылыми және инновациялық істер жөніндегі проректор**

Университеттің ғылыми потенциалын арттыру мақсатында ғылыми-зерттеу жұмысының тиімділігін және білім берудің сапасын арттыру үшін Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығында бекітілген он екі ғылыми бағыт бойынша бірқатар жұмыстар жүргізілді.

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламасы аясында және Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындары Ректорлар Кеңесі қарарларына орай ғылыми семинарларды жандандыру мақсатында университет басшысы У.Әбдібековтың 2017 жылғы 25 қараша күнгі №207 бұйрығына сәйкес 40 жасқа дейінгі жас ғалымдардың ғылыми семинары өтті. Бүгінгі таңда 59 жас ғалымымыз толық есеп беріп бітті.

Жалпы, семинар барысында байқағанымыз, олардың ғылым әлеміндегі бүгінгі жағдайы көңіл көншітпейді. Атап өтсек, олардың 8,4%-ы (5) ғана өз салаларында бәсекелестіктің төрінде, олар: Т.Әбдірәсілов (дінтану), Б.Сыздықов, М.Гурсой (археология), М.Сейсенбаева, А.Ахметов (хирургиялық аурулар). 25,4%-ы (15) өз бағыттарын терең зерделеген; болашақта жақсы ғалым болатындарына үміт артып отырған жастарымыз, олар: А.Құралбаева (білім технологиялары кафедрасының меңгерушісі), Д.Келесбаев (менеджмент және туризм), Л.Тайжанов, С.Баймағанбетов (экономика және қаржы), Ж.Нұрматов (дінтану) А.Әмірбек, М.Аңламасова, Қ.Ыдырыс (халықаралық қатынастар), Е.Керімбеков (компьютерлік инженерия), С.Абжалов (гуманитарлық ғылымдар факультетінің деканы), Қ.Қалдыбай (қоғамдық ғылымдар), М.Жүнисова (арнайы клиникалық пәндер), Ш.Раманқұлов (физика), Г.Файзулла, Д.Сердар (түрік филологиясы). Орта деңгейлі жас ғалымдарымыз 13,5%-ды (8) құрайды. Өкінішті, төменгі деңгейдегі жастарымыздың 52,7%-ды (31) құрап отырғандығы, яғни, диссертация қорғалғаннан кейінгі мерзімдердегі нақты зерттеулермен шұғылданбағандығы немесе дәлірек айтсақ, диссертация жаңалықтарындағы зерттеулерін ғалым ретінде бүгінгі сұраныстарға үйлестіру жағдайының төмен болуы. Бұл, әрине ренжітпей қоймайтын жағдай.

Сонымен қатар, мына жайттарға да назар салуымыз маңызды деп ойлаймын, ол - сапалық көрсеткіштер. Атап айтқанда, 59 жас ғалымның 29-ы (49,2%) университетте, 15-і (25,4%) Түркияда және 15-і (25,4%) басқа ЖОО-да дайындалған. Ал солардың сапалық деңгейіне тоқталсақ, өзіміздегі 29 жас ғалымның 19-ының (65,6%-ы) ғылыми қабілеттері, өкінішке орай төмен, ал Түркияда ғылымға қадам жасаған түлектеріміздің, керісінше, 60%-ның (9) ғылымға қабілеттілігі айқындалған. Зерттеу методологиясын игерген жас ғалымдарымыздан болашақта жақсы нәтижелер күтуге тұрарлық екендігін, дәл осындай жағдайдағы университеттің 5 (17,2%) түлегін де мақтанышпен айта аламыз.

Әрине, деңгейлері төмен жас ғалымдарымыздың бұл жағдайлары көбінесе жетекшілеріне де байланысты екендігі даусыз. Бұған жас ғалымдарымыздың да ғылымды шыңдаудан бұрын, қорғауды, нәтижесінде дипломға ие болуды бірінші кезектегі мақсат ретінде қою жағдайы да әсер етуі әбден мүмкін. Мұндай пікірдің қалыптасуына менталитет те, тиісті нормативтер де ыңғайлы болып тұрған сияқты.

**2017 жылғы 20-қараша мен 22-желтоқсан аралығында университетімізде ұйымдастырылған 40 жасқа дейінгі жас ғалымдардың ғылыми семинарының көрсеткіші**

| Жалпы деңгейлік көрсеткіші | | | | ХҚТУ түлегі | | Басқа ЖОО | | Түркия | | Докторантқа жетекшілік | | Магистрантқа жетекшілік | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | саны | % | саны | % | саны | % | саны | % | саны | % |
| Жалпы саны | 59 | саны | % | **29**/3/12 | 49,2 | **15**/0/4 | 25,4 | **15**/1/3 | 25,4 | 4 | 6,8 | 19 | 32,2 |
| Сапалық көрсеткіші | Өте жақсы | 5 | 8,4 | 1 | 3,4 | 2 | 13,3 | 2 | 13,4 | | | | |
| | Жақсы | 15 | 25,4 | **5**/0/5 | 17,2 | **3**/0/3 | 20 | 7/1/0 | 46,6 | 1 | 25 | 8 | 42,1 |
| | орташа | 8 | 13,5 | **4**,1/2 | 13,8 | **1**/0/0 | 6,7 | 3/0/0 | 20 | 1 | 25 | 2 | 15,8 |
| | Төмен | 31 | 52,7 | **19**/2/5 | 65,6 | **9**/0/1 | 60 | 3/0/3 | 20 | 2 | 50 | 9 | 42,1 |



Мысалы, біздің алдыңғы қатарлы ғалымдарымыздың қатарындағы п.ғ.д., профессор К.Беркімбаев 11 докторантқа жетекші болған, соның 9-ының, А.Ж.Ақбасованың жетекшілігіндегі Қ.Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ-нің түлектері - 2 докторанттың біреуінің, ал Б.Мырзалиевтің 3 шәкіртінің екеуінің ғылым жолын болашақта еселей алады деу қиын. Осы тұрғыдан қарағанда, білікті ғалымдарымызға да кінә арту қиын. Біріншіден, мемлекеттік грант иегерлерін мерзімінде қорғату міндеттері қойылса, екіншіден, ол үш жылда (оның жарты жылы тақырып және жетекші таңдауларына кететіні жасырын емес) ғылыми тақырыбының фундаменті қалыптаспаған жастарға ҚР БжҒМ Ережелерінің мүмкіндік ашып беруі, яғни ол көп жағдайда магистрлік зерттеулерінің PhD-дағы зерттеу бағыттарынан мүлдем алшақ болуы докторантурадағы зерттеулерінің сапалы болуына кері әсер берері анық. Сонымен қатар бұған себеп болатын нәрсе, диссертациялық кеңес жанында қорғау алды сараптамалық семинарлардың ережеде қарастырылмағаны, кафедра деңгейіндегі формальды семинарлардың орын алуы, салааралық ғылыми семинарларда принципиальды көзқарастың қалыптаспауы деп білемін. Яғни, мұны қалыптасқан менталитетке сәйкес, абыройлы жетекшісіне құрмет ретінде және ғылымы «піспеген» болса да, жастың ынтасына бөгет болмайын деген қолдаудан туындаған кешенді кемшіліктер нәтижесі деп айтуға да болады.

Ғалымдарымыздың басым бөлігі тың зерттеулерсіз ғылыми мақала шығаратындары да белгілі болып отыр және оның әртүрлі жолдарына да бейімделген сияқты. Бірақ бұл жол ұзаққа бармас және ол уақытша адасу деп түсінемін.

Жас ғалымдарымыздың 47,5%-ы (28) қыз балалар екен және олар осы кезеңдерде 82 ұрпақ өмірге алып келіп, демографиялық жағдайымызға үлкен үлес қосулары жүрек жылытады. Ананың (әйелдің) қоғамдағы, отбасы тіршіліктеріндегі үлестерінің ерекше екендігі белгілі, әсіресе Оңтүстік өңірде. Сонда да болса, олардың ғылым жолын кәсіп етіп таңдаған соң, ғалым болып қалыптасуды мақсат ету және осы жолда жемісті нәтижелерге жету міндет екенін де ұмытпағаны абзал деп ойлаймын.

Сондықтан адам ресурсының сапасы бүгінгі таңда өте маңызды екендігін Елбасымыз әрқашан ескертіп те жүр және «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында да бұған ерекше мән берген. ЖОО үшін бұл ОПҚ-ның ғылыми потенциалын арттыруға негізделген мәселелер екендігі белгілі. Осы орайда жас ғалымдардың ғылым әлеуетін сараптауды жалғастыру мақсатында тұрақты ғылыми семинарларға қолдау жасауымыз керек.

Бір айға жалғасқан бұл семинардың жас ғалымдарымызға елеулі ықпал еткені анық. Қорғағаннан кейін ғылыми қозғалысқа қадам баспаған оқытушыларымыздың бар екендігі жасырын емес, десек те, өзінің жастық жалынымен ғылымға үлес қосып келе жатқан ғалымдарымызды да анықтағандай болдық.

Түркия Республикасы университеттерінде магистратура, докторантура бітіріп келген түлектеріміздің біршамасы осы семинар барысында өз ғылымдарын қалыптастыруда өзгелерден оқ бойы озық тұрғаны байқалды. Әсіресе, бүгінгі талап бойынша халықаралық базалар арқылы зерттеу тақырыптарын айқындауда және әлемдік деңгейдегі ғылымды интеграциялаудың методологиясын меңгергендігі көңіл қуантады. Нәтижесі – олардың ғылым әлеміндегі инновациялық зерттеулерге ұмтылу жағдайы басым болып тұр. Университетіміздің ғылыми әлеуетін көтеру мақсатында өткен бұл семинардың атқарар рөлі аз емес.

Сондықтан университеттің жарқын болашағы ғылымда болсын десек, осыдан ой түйістіріп, оқу ордамыздың инновациялық деңгейінің жоғары болуына принципиальдық тұрғыдан қараумыз керек, әрі бұл әрбіріміздің міндетіміз де.

## МАҢЫЗДЫ ЖИЫН ӨТТІ

**Медицина факультетінің ғалымдары арасында ғылыми семинар өтті. Семинарға факультет ғалымдары, кафедра меңгерушілері қатысты.**

Семинарды өткізудің басты мақсаты — университет ғалымдары арасында ғылыми ізденістерін насихаттау. Сонымен қатар, қоғамдық денсаулық сақтау, медицина салаларында ғылымның өрлеуіне негіз болатын ғылыми бағыттар өзектілігін бағалауды қалыптастыру сияқты мәселелер аясында сөз қозғалды.

Аға буын ғалымдар С.Ажаев, И..Ишигов, К.Лаханова, Ш.Сейдінов, С.Жумашовтардың өскелең ұрпаққа берер ғылымы көз қуантарлық. Сондай-ақ, бүгінгі таңда жасалып жатқан ғылымдағы жаңалықтары бойынша Л.Алимбекова, Қ.Байтурсинов, Г.Нұсқабаева, Н.Нурпейсов сынды ғалымдарымыз өздерінің ғылыми жұмыстарымен ерекше көзге түсті. Семинарға қатысушы университет ғалымдары тарапынан ғылыми-зерттеу жұмыстары бойынша сұрақтар қойылды.

Шара соңында ғалымдар жұмысына семинарды ұйымдастырушы Ғылым және инновациялық істер жөніндегі проректор Т.П.Раимбердиев оң бағасын беріп, алдағы ғылыми жұмыстарына сәттілік тіледі.

**Ғылым және инновация департаменті**

***

Жуырда стоматология факультетінің ғалымдары арасында ғылыми семинар өтті. Семинарға факультет ғалымдары, кафедра меңгерушілері қатысты.

Аталмыш семинарлар алдағы уақыттарда да университетте математика және информатика, филология және шетел филологиясы, экология және экономика, дінтану және тарих салалары бойынша жалғасын табатын болады.

## Nursultan Nazarbayev'in "Geleceğe Doğru - Manevi Uyanış" isimli makalesi müzakere edildi

Ahmet Yesevi Üniversitesi Sosyal Bilimler Fakültesi tarafından düzenlenen toplantı ile Kazakistan Cumhuriyeti Cumhurbaşkanı Nursultan Nazarbayev'in "Geleceğe Doğru - Manevi Uyanış" isimli makalesini müzakere etmek üzere bir toplantı gerçekleştirildi.

12 Ocak Cuma günü gerçekleştirilen toplantıya Sosyal Bilimler Fakültesi Dekanı Prof. Dr. Mehmet Toplu, Disiplin ve Kültür İşleri Müdürü Lezzet Esentayeva'nın yanı sıra fakülte hocaları ile çok sayıda akademisyen ve öğrenci katıldı.

Toplantıda, Nursultan Nazarbayev'in manevi uyanış makalesinde ele aldığı "Sosyal Bilimler ve Gazetecilik" konusunda Üniversitemizin Gazetecilik Bölümü öğretim üyesi Prof. Dr. Seydullah Sadıkov konuşma yaptı. Sadıkov, konuşmasında, eğitim kalitesinin artırılması, yeni bir eğitim sisteminin oluşturulması ve geliştirilmesi, gençlerin gelişen teknolojik çevreye hazırlanması, gibi bir çok konuda katılımcıları aydınlattı.

Toplantı, genel değerlendirme konuşması ile sona erdi.

# КӘСІБИ БАҒДАР – КЕЛЕШЕККЕ САЛЫНҒАН ИНВЕСТИЦИЯ

**Ұлдарай БАТЫРҚЫЗЫ,**
**Кәсіби бағдар бөлімінің басшысы**

Оқу ордамызда 2014 жылдан бері Кәсіби бағдар бөлімі жұмыс істеп келеді. Үш жыл ішінде бөлім университетіміздің мүмкіншілігін республика деңгейіндегі мек-




теп бітірушілер арасында танымал ету және оқитын студенттер контингентінің географиясын кеңейту мақсатында өзгеріске толы біраз жұмыстар атқаруда.

Қазіргі заман талабы болғандықтан, ең бірінші әлеуметтік желілерден мектеп оқушыларына арналған парақшалар ашылды. Бүгінде күн сайын ақпараттар үздіксіз жариялануда. Осы уақыттар аралығында университеттің позитиві бейнесін арттыру мақсатында көптеген танымым материалдары жаңа форматтарда шығарылды. Тәжірибелі режиссерлермен бірлесе отырып, екі тілде үш жарнамалық ролик түсірілді. Ол роликтер республикалық телеарналар арқылы жазғы оқуға қабылдау маусымында көрсетілді.

Озат, білімді оқушыларды қолдау мақсатында 2014 жылдан бастап республикалық "Ясауи" пәндік олимпиадасы ұйымдастырылуда. Жыл сайын 100-ге жуық Түркия гранттары қазақстандық мектеп бітірушілеріне үлестірілуде. Одан бөлек, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі және университетіміздің қолдау көрсетуімен жыл сайын республикалық және халықаралық конкурстар мен пәндік олимпиадалардың жеңімпаздарына да білім гранттары берілуде. Зерек және шет тілдерін жетік меңгерген талапкерлерді университетке тарту мақсатында арнаулы мектеп-гимназиялармен жүйелі байланыстар орнатылды. Жыл сайын дарынды балаларға арналған «Білім-инновация» мектеп-лицейлерінен, «Дарын», Назарбаев зияткерлік мектептерінен қабылданатын студенттердің саны көбеюде. Олардың ішінде ҰБТ бойынша ең жоғары балл алып, ерекше нәтиже көрсеткен білімгерлер де бар. Биылғы жылы оқуға қабылданған білімгерлердің ішінде «Үздік аттестат» пен «Алтын белгі» үміткерлерінің саны 150-ді құрады. Ал, республикалық пәндік олимпиадалардың жеңімпаздары – 215 оқушыға жетті. Атқарылған жұмыстардың нәтижесінде университетке жыл сайын қабылданатын

ҚР білім беру грантына құжат тапсырып, бірінші Ахмет Ясауи университетін таңдаған талапкерлер мәліметі

| Құжат тапсырғандар | Ахмет Ясауи университетін 1-ші болып таңдағандар | Басқа ЖОО таңдағандар |
|---|---|---|
| 2028 | 1232 | 796 |

студенттердің де саны артып, географиясы кеңейе түсуде. Бұл жетістіктер бөлім қызметкерлерінің жыл бойы атқарған еңбектерінің нәтижесі.

Университетті осыған дейін 75 мыңға жуық түлектер бітіріп шыққан. Олар бүгінгі таңда өндірісте, ғылымда, бизнесте және қызметтің барлық салаларында жетекші рөлге ие. Қазақстандық және шетелдік түлектермен бірнеше жобалар іске асырылды. Елге танымал түлектермен кездесулер ұйымдастырылды. «Біздің түлек – біздің мақтанышымыз!» жобасы аясында 100-ден аса түлектің университет туралы пікірлері әлеуметтік желілерде, университеттің веб-сайтында, республикалық бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланды. Өкілетті Кеңестің төрағасы, профессор Мұса Йылдыздың қатысуымен Астана қаласында үздік бітірген түлектерімізбен кездесулер ұйымдастырылды. АҚШ-та, Ресейде, Түркияда қызмет жасап жүрген түлектеріміз көп. Алдағы уақытта шетелде қызмет жасап жүрген түлектерімізбен де байланысты мейлінше арттырып, олардың жетістіктері мен жаңалықтарын да жариялап отыруды мақсат етіп отырмыз.

Кәсіби бағдар жұмыстары жүйелі жүргізілуде. Уақытпен санаспай, тынымсыз еңбек етіп жүрген бөлім қызметкерлерінің үлкен еңбегін де атап өткен жөн. Әсіресе, жазғы демалыс кезінде бізде жұмыс күшейе түседі. Жұмыс телефонынымызға хабарласушылардың санында шек жоқ. Кеңес сұрап келген, хабарласқан әрбір ата-ана мен мектеп бітіруші түлектерге жан-жақты пайдалы ақпараттар беріледі. Жыл өткен сайын дарынды, үш тілді жетік меңгерген білімді жастардың университетке көптеп келуі, басқа жоғары оқу орнына грантқа түсіп тұрып, одан бас тартып, біздің университетті таңдап оқуы қуанышты жағдай. Сондай-ақ, басқа жоғары оқу орнында оқып жүрсе де, біздің университетке қызығушылық танытып, ауысқысы келіп хабар-

ҚР гранты бойынша қабылданған талапкерлер туралы мәлімет

| № | Оқу жылы | Жалпы грант саны | ХҚТУ арқылы түскен грант саны | ҚР басқа ЖОО-ы арқылы түскен грант саны |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2016-2017 | 330 | 165 | 165 |
| 2 | 2017-2018 | 352 | 237 | 115 |

ласатын, хат жазатын студенттер көп. Талапкерлердің оқуға түсудегі барлық мүмкіндіктерін, университеттің басқа жоғары оқу орындарынан артықшылықтарын көрсетуге тырысамыз.

Алдағы уақытта университеттің бар мүмкіншілігін көрсетіп, оны таныту мақсатында көптеген іс-шараларды жүзеге асыру мақсаты тұр. Кәсіби бағдар жұмыстары бірқалыпты қозғалысты емес, үздіксіз алға басып, дамуды талап етеді. Дәл қазіргі уақытта V Республикалық «Ясауи» пәндік олимпиадасын ұйымдастыру жұмыстарымен айналысып жатырмыз. Былтырғы жылы 6500-ге жуық қазақстандық мектеп бітіруші түлек қатысқан болатын. Оның 864-і «Алтын белгі» үміткерлері болды. Биылғы жылы бұл көрсеткіш жоғарылауы керек деп мақсат қойып отырмыз.

Таяу маңда тәжірибелі, танымал режиссерлермен бірлесе отырып бірнеше танытым роликтерін түсіру жоспарда бар. Сонымен қатар, шетелдік жоғары оқу орындарының тәжірибесіне сай танытым материалдарын жаңа форматтарда, төрт тілде шығаруды қолға алып жатырмыз. Университеттің имиджін арттыру мақсатында жергілікті «Тұран-Түркістан» телеарнасымен бірлесе отырып, наурыз айынан бастап жаңа жобаны бастаймыз. Бағдарламаның апта сайынғы шығарылымы университеттің студенттеріне, оқытушы-профессорларына арналатын болады. Эфирге шыққан сюжеттерді еліміздің басты телеарналарына да көрсетуді қолға аламыз. Бұл туралы қазіргі таңда телеарна журналистерімен жоспарлы жұмыстар жасалып жатыр. Сонымен қатар, қаламыздағы «Urqer education» ағылшын тілін оқыту орталығынан ұсыныстар келуде. Біздің шетелде білім алып келген студенттеріміз бен оқытушыларымыз орталықта білім алып жүрген мектеп оқушыларына қазақша мотивациялық тренингтер өткізетін болады. Бұл екі жобамыз да наурыз айында олимпиаданы сәтті аяқтағаннан соң, іске асатын




болады. Бұдан басқа да студенттік бірнеше жобаның жоспарлары әзірленіп жатыр.

## БАСТЫ МАҚСАТ - БІЛІМ САПАСЫН КӨТЕРУ



2015 жылдың 3 тамызында университет президенті, профессор У.С.Әбдібековтың қатысуымен ҚР Президенті жанындағы Орталық коммуникациялар қызметінде арнайы брифинг ұйымдастырылды. Бұл брифинг онлайн режимінде «24 кз» арнасынан көрсетіліп отырды. Сондай-ақ, республикалық «Хабар» арнасы, «Еуразия 1 арнасы», «Мир арнасы» т.б арналардан сюжеттер көрсетілді. Нәтижесінде бұл брифинг университетті жарнамалауға үлкен мүмкіндік берді. Мемлекеттік грантты иелене алмаған 39 «Алтын белгі» иегерлерін ректор университетте білім алуға шақырды. Телеарналардан оларға арнайы ректорлық грант берілетіндігі туралы ақпараттар таратылды. Бүгінде 25 «Алтын белгі» иегері Түркістанда білім алуда.

Университет 2014-2017 жж. аралығында шетелдік студенттерді тарту, сондай-ақ, білім саласындағы ынтымақтастықты кеңейтуге бағытталған 13 халықаралық білім көрмесіне қатысты.

Жыл сайын «Білім-инновация» мектеп-лицейі мен Назарбаев зияткерлік мектептерінің оқушылары университетке экскурсия жасап арнайы келеді. Оқуға қабылдаудағы сапаны көтеруге бағытталған ашық есік күндері, сондай-ақ, экскурсияларды ұйымдастыру жұмыстары өз жалғасатын табатын болады.



**КӘСІБИ БАҒДАР БӨЛІМІ**

## ЖАҢА КІТАП ЖАРЫҚ КӨРДІ




Жуырда педагогика ғылымдарының докторы, профессор Г.Еркибаеваның Донның мемлекеттік техникалық университетінде белгілі ресейлік ғалым – Н.Ефремовамен - бірлесіп шығарған **«ФОРМИРОВАНИЕ КОММУНИКАТИВНЫХ КОМПЕТЕНЦИЙ СТУДЕНТОВ ПРИ РАБОТЕ С ФРАЗЕОЛОГИЧЕСКИМИ СЛОВАРЯМИ»** атты монографиясы жарық көрді.

Аталмыш кітаптағы ф р е з о л о г и я л ы қ әдебиеттер студенттердің коммуникативті біліктілігін көтеруге зор ықпал етеді. Авторлар кітапта нақты әрі дәлелді тұжырымдарға сүйене отырып баяндайды. Оқулық жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған. Оқытушылар мен ғылымға қызығушылық танытатын оқырман қауым үшін де пайдалы ақпараттар береді деп ойлаймыз.

GAZETTIN' TU'RIK TILINDEGI QOSYMS'ASY

Yesevi Üniversitesi

ГАЗЕТТІҢ ТҮРІК ТІЛІНДЕГІ ҚОСЫМШАСЫ

## 2017-2018 Öğretim Yılı Güz Dönemi son senato toplantısı yapıldı



Ahmet Yesevi Üniversitesi'nin 2017-2018 eğitim öğretim yılı güz dönemi son senato toplantısı Rektör Prof. Dr. Valihan Abdibekov ile Rektör Vekili Prof. Dr. Mehmet Kutalmış'ın başkanlığında, Türkistan Yerleşkesinde gerçekleştirildi.

Ahmet Yesevi Üniversitesi Kültür Merkezinde yapılan senato toplantısının açış konuşmalarını Rektör Prof. Dr. Valihan Abdibekov ve Rektör Vekili Prof. Dr. Mehmet Kutalmış yaptılar ve senato üyelerinini yeni yılını kutlayarak, sağlık, esenlik dileklerinde bulundular.

Konuşmaların ardından Rektör Prof. Dr. Valihan Abdibekov ile Rektör Vekili Prof. Dr. Mehmet Kutalmış, 2017-2018 güz döneminin son senato toplantısı münasebetiyle bazı akademisyenlere çeşitli ödüller takdim ettiler.

Senato toplantısı, iki ana gündem maddesi ve diğer meseleler bölümüyle devam etti. Senatonun ilk ana gündem maddesi; "2017 Yılında Yapılan Maddi ve Teknik, Mali ve Destek Hizmetlerinin Değerlendirilmesi; 2018 Yılına Yönelik Mali İşlerin Planlanması ve Onaylanması" hakkında Rektör Yardımcısı Prof. Dr. Nurlan Batırbaev ve Rektör Yardımcısı Yrd. Doç. Dr. Mustafa Eren bilgiler sundular. İkinci ana gündem maddesi "Üniversitemizde Gerçekleştirilen Disiplin ve Kültür Faaliyetleri" konusunda Rektör Yardımcısı Doç. Dr. Bakıtcan Muhamedjanov raporlarını sundu.

Senato Sekreteri M. Asanova'nın sınav sisteminde değişiklik, bilimsel makaleler vb. gibi konularda bilgiler aktardığı senato toplantısında, 2017-2018 eğitim-öğretim yılı bahar dönemi için hazırlanan çalışma planları da onaylandı.

## Fakülteler Arası Spor Turnuvası başladı



Ahmet Yesevi Üniversitesi akademisyen ve personelleri arasında her yıl düzenlenen fakülteler arası kış spor turnuvası 11-24 Ocak 2018 tarihleri arasında gerçekleştirilecek.

Kazakistan Cumhurbaşkanı Nursultan Nazarbaev'in "Geleceğe Doğru - Manevi Uyanış" makalesi kapsamında tertip edilen spor turnuvası açılış töreni ile başlatıldı.

Ahmet Yesevi Üniversitesi Türkistan Yerleşkesi 3. Kampüs Bekzat Sattarhanov Spor Salonunda gerçekleştirilen açılışa; Rektör Yardımcısı Yrd. Doç. Dr. Mustafa Eren ile Rektör Yardımcısı Doç. Dr. Bakıtcan Muhamedjanov'un yanı sıra turnuvaya iştirak eden takımların antrenörleri, futbolcuları ve çok sayıda taraftar katıldı.

Turnuvanın açılış konuşmasını yapan Rektör Yardımcısı Yrd. Doç. Dr. Mustafa Eren, Ahmet Yesevi Üniversitesinin bir medeniyet üniversitesi olduğuna dikkat çekerek, birçok alanda olduğu gibi spor alanında da faaliyetlerini etkin bir biçimde yürütüldüğünü ifade etti. Her yıl düzenlenen ve geleneksel hale getirilen kış spor turnuvası, personel arasında dostluk, kardeşlik ve dayanışmayı daha da pekiştirdiğini dile getirdi. Eren, turnuvanın Fair Play çerçevesinde geçmesini temenni ederek, katılımcı sporculara başarılar diledi.

Sosyal Bilimler Fakültesi, Beşeri Bilimler Fakültesi, Mühendislik Fakültesi Fen, Tıp ve Diş Hekimliği Fakülteleri, Kentav Enstitüsü, Rektörlük ve Türkistan Ahmet Yesevi Koleji takımlarının yer aldığı spor turnuvası; futbol, basketbol, voleybol (kız – erkek), Dokuz Kumalak, satranç (kız – erkek), dama (kız – erkek), halat çekme, kol güreşi, yüzme (kız – erkek), masa tenisi (kız – erkek) ve koşu (kız – erkek) olmak üzere 11 dalda yarışan katılımcılar arasında düzenleniyor.

Açılış töreninin ardından yapılan ilk maçta Filoloji Fakültesi, Beşeri Bilimler Fakültesin'i 4-1 yendi. Kış spor turnuvası 24 Ocak'ta düzenlenecek kapanış ve ödül töreni ile sona erecek.

## Ahmet Yesevi Üniversitesinde UNICEF Sağlık Hizmetleri Telekonferansı

WHO /UNICEF Sağlık Hizmetleri deklarasyonunun 40. yıldönümü münasebetiyle S. D. Asfendiyarov Ulusal Tıp Üniversitesi koordinasyonunda bir telekonferans gerçekleştirildi.

Kazakistan Cumhuriyeti Sağlık Bakanlığı Çalışma Grubu Bilimleri Araştırma Enstitüsü Müdürü I. S. Moldaliyev katıldı.

Tıp dünyasının en iyi uzmanlarını bir araya getiren konferansta, S.D Asfendiyarov Üniversitesinin Rektör Yardımcısı B. S Zhusupov, WHO/UNICEF Sağlık Hizmetleri Deklarasyonu ile ilgili bir rapor sundu.



Personel Müdürü U. I Akhmetov'un başkanlığında gerçekleşen konferansa; Üniversitemiz Tıp Fakültesi hocalarından, «İnsan Morfolojisi» Anabilim Dalı Öğretim Üyesi Prof. Dr. İbrahim Işıgov, Koruyucu Hekimlik Anabilim Dalı Öğretim Üyesi Kuandykova AK ve Doç. Dr. S. A. Ermanova, Cerrahi Hastalıklar Anabilim Dalı Öğretim Üyesi Sh.M.Seidinov, , Özel Klinik Dersler Anabilim Dalı Öğretim Üyesi G. Nuskabaeva, Patoloji Bölüm Başkanı A. Eşirbekov ile Sağlık

Bilimsel çalışmalar sunmaya yönelik metodolojik kılavuzların tartışılması ve onaylanması; Soyut değerlendirme kriterleri, girdi ve çıktı sonuçlandırma, performans değerlendirme işleminin somut ölçme ve değerlendirme kriterlerine uygunluğunun tartışılması ve onaylanması gibi birçok tıbbi meseleler masaya yatırıldı.

Konferans, etkinlik değerlendirme çalışması ile son erdi.

## Mütevelli Heyet Başkanı, T.C. Başbakanlık Kamu Görevlileri Etik Kurulu Üyesi Prof. Dr. Ramazan Kaplan'ı ziyaret etti



Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Musa Yıldız, Bartın Üniversitesi eski Rektörü, Ankara Üniversitesi Dil ve Tarih Coğrafya Fakültesi Öğretim Üyesi ve aynı zamanda T.C. Başbakanlık Kamu Görevlileri Etik Kurulu Üyesi Prof. Dr. Ramazan Kaplan'ı makamında ziyaret etti.

Ziyarette Prof. Dr. Musa Yıldız Üniversitemizin faaliyetleri hakkında Prof. Dr. Ramazan Kaplan'a bilgiler verdi. Prof. Dr. Ramazan Kaplan, ziyaretin kendileri için önemli olduğunu belirterek, Prof. Dr. Musa Yıldız'a teşekkür etti.

Ziyarete Üniversitemiz İç Denetçisi Taha Kaplan ile Üniversitemiz mezunlarından T.B.M.M. Araştırma Hizmetleri Başkanlığı görevlisi Selçuk Kaplan eşlik etti.

Ziyaretin sonunda Mütevelli Heyet Başkanı Yıldız, Prof. Dr. Ramazan Kaplan'a Başkanlık yayınlarından takdim etti.

# GAZETTIN’ TU’RIK TILINDEGI QOSYMS’ASY

## Hakîm Süleymân Ata kitabı yayımlandı

Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanlığı tarafından Prof. Dr. Mustafa Sever’in kaleme aldığı “Hakîm Süleymân Ata (Ahmed Yesevî’nin III. Halifesi)” başlıklı eser yayımlandı.

Ahmet Yesevî’nin üçüncü halefi, Yesevî tarzındaki hikmetleri ve menkıbeleriyle Türkler arasında büyük bir şöhret ve nüfuzu olan Hakîm Süleymân Ata’dır. Hakîm Ata yerleştiği yer olan Bakırgan’dan dolayı Bakırganî olarak da anılmıştır.

Hakîm Süleymân Ata’nın eserleri Orta Asya Türkleri arasında canlılığını günümüzde de sürdürmektedir. Tıpkı Ahmed Yesevî gibi hikmetleriyle “insanı eğitmeyi, onun mükemmel bir varlık haline gelmesi için bilgi ve birtakım beceriler kazanması yolunda onu yönlendirmeyi gaye edinmiştir. Kur’ân-ı Kerim ve Peygamber’in sünnetine bağlı kalarak hikmetlerini söylemiş, İslâm’ın emir ve yasaklarının daima hatırda tutulduğu bir yaşamı önermiştir.

Elinizdeki bu eserde, Türk Edebiyatı tarihi açısından büyük önem arz eden Hakîm Süleymân Ata’nın hayatı, eserleri, şahsiyeti ve söylemiş olduğu hikmetleri ilk taşbasma nüshalardan yola çıkılarak Türkiye Türkçesine aktarılmıştır.

## Sabahattin Zaim Üniversitesinde «Hoca Ahmed Yesevi’yi Anlamak» konferansı yapıldı



Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Musa Yıldız, Sabahattin Zaim Üniversitesinde «Hoca Ahmed Yesevi» konulu bir konferans verdi. Sabahattin Zaim Üniversitesi konferans salonunda yapılan konferansa Rektör Prof. Dr. Mehmet Bulut, öğretim üyeleri ve öğrencilerden ilgi oldukça yoğundu.

Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Musa Yıldız konferansa Hoca Ahmed Yesevi’nin Divan-ı Hikmet adlı eserinden bir hikmetle başladı.

«Bismillah deyip beyan ederek hikmet söyleyip / Talep edenlere inci cevher saçtım ben işte. / Riyazeti sıkı çekip, kanlar yutup / ‘İkinci defter’ sözlerini açtım ben işte.»

Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Musa Yıldız daha sonra Hoca Ahmed Yesevi’nin hayatını, ders aldığı hocalarını ve kısaca nasıl bir yaşam sürdüğünü anlattı. Hoca Ahmed Yesevi Hazretlerinin yetiştirdiği 99 bin talebe ile Türk Dünyası üzerindeki tesiri hakkında bilgi veren Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Musa Yıldız, Hoca Ahmed Yesevi’nin başta Divan-ı Hikmet olmak üzere eserleri ve türbesi ile türbenin içinde bulunan «Tay Kazan» hakkında da bilgi verdi.

Ahmet Yesevi Üniversitesi’nin Türkiye, Kazakistan ve Türk Dünyası üzerine gerçekleştirdiği ve gerçekleştireceği çalışmalarla ilgili de bilgi veren Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Musa Yıldız, UNESCO tarafından dilimizin ve kültürümüzün gelişmesine, zenginleşmesine çok önemli katkılarda bulunan büyük fikir adamı ve gönül eri Hoca Ahmed Yesevi’nin ölümünün 850. yıldönümü vesilesiyle 2016-2017 sezonunun «Hoca Ahmet Yesevi Yılı» olarak ilan edilmesi kapsamında gerçekleştirilen faaliyetleri de anlattı.

Sabahattin Zaim Üniversitesi Rektörü Prof. Dr. Mehmet Bulut katılımlarından dolayı Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Musa Yıldız’a teşekkür etti ve plaket takdim etti.

## Türk Ocaklarında ‘Hoca Ahmet Yesevi’nin İzinde’ Söyleşisi

Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyeti Başkanı Prof. Dr. Musa Yıldız, Türk Ocakları Genel Merkezi’nde «Hoca Ahmet Yesevi’nin İzinde» konulu bir konuşma gerçekleştirdi. Hoca Ahmet Yesevi’yi anarken onu tanıtan Fuat Köprülü’yü de anmadan geçmemek gerektiğini ifade eden Yıldız, «Fuat bey çalışmalar yaparak büyük eserinde Hoca Ahmet Yesevi’yi ve onun yolundan giden Yunus Emre’yi yazdı. Her ikisini de rahmet ve minnetle anıyoruz» ifadelerinde bulundu.

Başkan Yıldız, «Hoca Ahmet Yesevi kimdir?» sorusundan hareketle Hoca Ahmet Yesevi’nin hayatına dair bilgi verdi. Yıldız, Yesevi’nin Yesi şehrinde Arslan Baba’dan ilim aldığını, Buhara’da Yusuf Hemedani’den eğitim aldıktan sonra Yesi’ye döndüğünü ve burada talebe yetiştirmeye başladığını kaydetti.

Yıldız, «Yesevi Peygamber Efendimizin Mekke’den yaymış olduğu İslam ışığına bir ayna tuttu ve Anadolu’ya yansıttı. Bu ayna Anadolu’da Hacı Bektaş-ı Veliler, Yunus Emreler, Mevlanalar olarak tezahür etti ve Anadolu’yu mayaladılar. Balkanlar’da Sarı Saltuklar, Gülbabalar ve Demirci Babalar olarak tezahür etti. Bugün Anadolu’da Balkanlarda Türklük varsa bu Hoca Ahmet Yesevi sayesindedir» şeklinde konuştu.

Yesevi’nin zamanı çok iyi kullandığını, üçte birlik kısmını Allah’a ibadet etmek için geçirdiğini ifade eden Yıldız, diğer zamanlarında da öğrencilerine ilim verdiği, kaşık ve kepçe yonttuğunu kaydetti.

## Avrasya Ekonomik Birliği (AEB) Gümrük Kodeksi Yürürlüğe Girdi




AEB Basın Merkezi, 11 Nisan 2017 tarihinde imzalanan Gümrük Kodeksinin 1 Ocak 2018 tarihinde yürürlüğe girdiğini bildirdi. Rusya, Beyaz Rusya, Kazakistan, Kırgızistan ve Ermenistan liderlerinin geçen yıl nisan ayında imzaladığı kodeks, Avrasya ekonomik bölgesinde ekonomik, ticari ilişkilerle enerji, ortak yatırım, ulaşım ve yatırım alanlarındaki iş birliğinin geliştirilmesini hedeflemekte. Bilindiği üzere AEB ülkeleri ayrıca İran, Hindistan, Singapur ve Mısır ile işbirliğini arttırıcı anlaşmalar imzaladı.

## Tıp ve Diş Hekimliği Fakültesi Akademik çalışmaları değerlendirme toplantısı

Ahmet Yesevi Üniversitesi Bilimsel Araştırmalar ve İnovasyon Müdürlüğü ve Alanlar arası Koordinasyon Kurulu tarafından, Üniversitemizin Tıp ve Diş Hekimliği Fakültelerinde görev yapan öğretim üyelerinin akademik çalışmaları hakkında bilgi edinmek üzere toplantı gerçekleştirildi. öğretim üyelerini akademik çalışmalara teşvik etmek, bu alanda bilgi ve motivasyonunu yükseltmek ve kendi çalışmalarını değerlendirmelerini sağlamak maksadıyla düzenlenen toplantı, 11 Ocak Perşembe günü Üniversitesizin Türkistan Yerleşkesi Kültür Merkezi Toplantı Ve Konferans Salonunda yapıldı.

Rektör Yardımcısı Prof. Dr. Taljan Raimberdiev’in oturum başkanlığında gerçekleşen etkinliğe, Alanlar Arası Koordinasyon kurulu üyeleri ve Bilimsel Araştırmalar ve İnovasyon müdürlüğü personelleri ve katıldı.

İki oturumda gerçekleşen toplantının ilkinde Tıp Fakültesi öğretim üyeleri A. Ajayev, İ. İshigov, K. M. Lakhanova, Ş. Seydinov, S. Zhumashov bildirilerini sundu. İkinci oturumda ise Diş Hekimliği Fakültesi öğretim üyeleri; R. Ashurmetov, G. Ashirbekov, A. Temirbekov, N. Hodzhaev, M. Omaraliev, A. Mamyrbekova, D. Imanova, M. İskenderov, F. Temurov bilimsel çalışmaları hakkında raporlarını sundular.

## Nursultan Nazarbayev’in “Geleceğe Doğru - Manevi Uyanış” Adlı Makalesi müzakere edildi



Ahmet Yesevi Üniversitesi’nde Kazakistan Cumhurbaşkanı Nursultan Nazarbayev’in “Geleceğe Doğru - Manevi Uyanış” Adlı Makalesi müzakere edildi

Ahmet Yesevi Üniversitesinde Kazakistan Cumhuriyeti Cumhurbaşkanı Nursultan Nazarbayev’in “Geleceğe Doğru - Manevi Uyanış” isimli makalesini müzakere etmek üzere bir toplantı gerçekleştirildi.

Ahmet Yesevi Üniversitesi Sosyal ve İdari İşler Birimi tarafından düzenlenen toplantı, Türkistan Yerleşkesi Kültür Merkezinde bulunan Toplantı Salonu’nda düzenlendi. Sosyal ve İdari İşler Birimi başkanı Rektör Yardımcısı Prof. Dr. Taljan Raimberdiev’in başkanlığında gerçekleşen toplantıya, birimi üyeleri ile konuşmacılar katıldı.

Toplantıda ilk olarak söz alan Sosyal ve İdari İşler Birimi Başkan Yardımcısı Prof. Dr. Gülfayrus Erkinbaeva Nursultan Nazarbayev’in “Geleceğe Doğru - Manevi Uyanış” makalesinde vurgulanan “Dördüncü Nesil Sanayi Devriminin Gelişimi İçin Fırsatlar” konusunda bildirisini sundu.

Prof. Dr. Gülfayrus Erkinbaeva’nın akabinde toplantıya davetli konuşmacı olarak katılan Disiplin ve Kültür İşleri Müdürü Lezzet Esentayeva “Geleceğe Doğru - Manevi Uyanış” ın yeni nesillerin yetişmesindeki rolü; Gazetecilik Bölümü Öğretim Üyesi Prof. Dr. Seydullah Sadıkov “Manevi Uyanış’ın gençler için önemi” ve Arkeoloji Bölümü Öğretim Üyesi Dr. Bakdeulet Sizdikov “ Geleceğe Doğru - Manevi Uyanış kapsamında yapılan arkeolojik araştırmalar” adlı bildirilerini sundular.

Toplantı genel değerlendirme konuşması ile sona erdi.

# БІЛІМ / СПОРТ

## Алғашқы көмек: жаңғырту, дамыту

**Жуырда Ғылым бөлімінің ұйымдастыруымен алғашқы медициналық-санитарлық көмек бойынша БДСҰ/ЮНИСЕФ Декларациясының 40 жылдығына арналған Ғаламдық халықаралық конференцияның алғашқы отырысы өтті.**

Селекторлық мәжіліске Медицина факультетінің білікті дәрігерлері, оқытушы-профессорлары қатысты. Онлайн режимде өткен отырыста ҚР ДСМ жұмыс тобы Штабы Секретариатының басшысы У.И.Ахметов, С.Ж.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ зерттеу қызметі бойынша проректоры Б.С.Жүсіпов бейне байланыс арқылы баяндама жасады. Ғылыми абстрактілеуді ұсыну бойынша әдістемелік нұсқаулардың жобаларын талқылау және бекіту; Абстрактіні бағалау критерийлерін талқылау және бекіту бойынша, т.б. медициналық өзекті мәселелерді атап өтті.

Қазақстанның денсаулық сақтау саласын және жалпы еуропалық өңірдің дамуы үшін қабылданған декларацияның рөлі ерекше. Конференцияда елдердің өзара тәжірибе алмасуына, алғашқы медициналық-санитарлық көмек инновациялық формасымен қамтамасыз ете отырып денсаулық сақтау жүйесінің тиімділігін арттыру ұсыныстарын анықтау, медбикелік әлеуетті арттыру, халықтың денсаулығына әсер ететін өзге де секторлардың денсаулық сақтау саласына тарту, алғашқы медициналық-санитарлық қызметті компьютерлендіру мен ақпараттық технологиялармен қамтамасыз ету тағы да басқа өзекті мәселелер айтылды. Конференцияға қатысушылар әлемнің алдыңғы қатарлы елдерінің дәрігерлік тәжірибенің дамуы мен мамандарды дайындау, алғашқы медициналық-санитарлық көмек сапасын арттыру мен қолжетімділігін қадағалау және алдын-алу бағдарламаларын дайындау, транспорттық медицинаның дамуы, ауылдық жерлерге денсаулық сақтау қызметін жетілдіру, дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету, сектораралық әріптестікті қалыптастыру секілді салалардағы тәжірибелерін қарастырды.

**Ақпарат орталығы**

## ЖАСТАР ЖОБА ЖЕҢІМПАЗЫ АТАНДЫ



**Жуырда Әлеуметтік ғылымдар факультетінің білімгерлері Zhasproect - Жастар корпусын дамыту жобасына қатысып, гранттық қаржыны ұтып алды. Жоба идеясының авторы және лидері: Мемлекеттік және жергілікті басқару мамандығының 2-курс магистранты Меруерт Құдайбергенова. Жоба қатысушылары: бухгалтер-есепші Жансая Бурисова мен менеджмент мамандығының 4-курс студенті Аягөз Қалшабек. Аталған студенттер Zhasproect - Жастар корпусын дамыту жобасына қатысып, imanage.kz атты ресми сайт жасап шықты.**

Жобаның мақсаты: Қазақстандық кәсіпкерлікті дамыту мақсатында отандық менеджерлердің коммуникациялығын арттыру үшін менеджерлерге арналған мемлекеттік www.imanager.kz атты ресми сайт жасау. Мұндай сайттың Қазақстанда аналогы жоқ.

Жастар корпусын дамыту жобасы – бұл Халықаралық қайта құру және даму банкі мен ҚР Білім және ғылым министрлігінің бірлескен жобасы. Жобаны Үйлестіру агенттігі жүзеге асырады. Жоба төрт облыста: Алматы, Қарағанды, Павлодар және Оңтүстік Қазақстан облыстарында пилоттық түрде іске асырылды. Менеджерлерді қажетті, сұрыпталған ақпаратпен қамтамасыз етіп оның әр түрлі бизнес-форумдар арқылы алмасуын бақылап, және әлемді мойындатқан менеджерлердің ең жаңа еңбектерін өзіне қосқан мемлекеттік менеджерлерге арналған ресми сайт жасау; менеджерлерге арналған мемлекеттік ресми сайттың күнделікті жаңа контентпен толтырылуын қамтамасыз ету мақсатында аталмыш сайттың атқарар рөлі зор.

«Біз Zhasproect - Жастар корпусын дамыту жобасының А тобының қатысушыларымыз және өз жобамызды іске асыру үшін 1млн. теңгеге жуық қаржылық қолдау және жоба аясында 5 ай бойы шәкіртақы алдық. Zhasproect - Жастар корпусын дамыту жобасының өмірлік маңызы бар дағдыларды дамыту бағдарламасы бойынша бенефициарларды оқытудың I-III кезеңдерін оқып сертификат алдық» -дейді Аягөз Қалшабек. Жобаның әлеуметтік тиімділігі жайлы айта кеткен қатысушылар: «Қазақстандық компанияларды бір-бірімен ақпараттық байланыстырамыз. Қазіргі заманғы ең жаңа инновациялық технологиялар мен әдістер жайлы толық ақпарат беру арқылы менеджерлердің біліктілігін және ақпараттандырылуын арттыра аламыз. Қазақстандық менеджерлердің мемлекеттің кәсіпкерлікке байланысты жаңалықтарымен ақпараттандырылуын жеделдетеміз» деп айтып өтті.

**Жанар БЕЙСЕНБАЕВА**

## ШЕТЕЛДЕ БІЛІМ АЛУДЫҢ ПАЙДАСЫ КӨП

**Алмас Жақсылық - 2013 жылы «Менеджмент» саласы бойынша бітірген түлек. Одан соң «Болашақ» Халықаралық бағдарламасы бойынша Англияның Гилфорд қаласында орналасқан Суррей университетінде «Туризм және менеджмент» саласы бойынша магистрлік білім алып келді. Қазіргі таңда Әлеуметтік ғылымдар факультетінде оқытушылық қызметін атқаруда.**



**PhD бағдарламасы бойынша шетелде білім алып келуді жоспарлап жүрген Алмасқа сәттіліктер тілей отырып, жүргізілген шағын сұхбатымызды назарларыңызға ұсынамыз.**

**Англиядағы қазақ жастарының қоғамдық өмірдегі белсенділігі қандай болды? Бас қосып, жиналып тұратын ба едіңіздер?**

Онда "Kazakhstan society" атты Қазақстан студенттерінің ұйымы бар. Англияда білім алып жүрген барлық қазақ жастары мерекелер қарсаңында жиналып тұрамыз, әсіресе, ұлыстың ұлы күні Наурыз мерекесі қарсаңында.

**Қазақстан мен Англияның қандай айырмашылықтары бар?**

Айырмашылық көп, ол күнделікті қарым-қатынаста байқалады. Өзіме ұнағаны британдықтардың дәстүрді қатты құрметтеп, жоғары ұстайтыны.

**Отандық білім беру жүйесін салыстырсаңыз?**

Англияда студенттің жеке жұмысына көп назар аударылады.

**Тобыңызда студенттер басқа қандай елдерден келіп оқыды?**

Испания, Франция, Сингапур, Жапония, Қытай

**Шетелде өмір сүру қиындық тудырмады ма? Алғашында қандай қиындықтар болды?**

Әрине, адаптация жағынан көп қиындықтар болды, біріншісі, ыңғайлы пәтер табу мәселесі, өйткені, жатақхана тез толып қоятын, сол кезде пәтер іздеу керек болатын.

**Ол жақтағы көп баратын орныңыз?**

Кітапханаға көп баратынмын. Күндіз сабақта болсам, сосын, кешке 5-6 сағат уақытымды кітапханада өткізетінмін.

**Көбіне елімізден барған студенттер қандай мамандықтарда оқыды?**

Мемлекеттік басқару және заң саласында

**Ондағы кітапханалар қандай?**

Кітапханалар 24 сағат жұмыс істейді, кітап қоры, компьютерлік базасы үлкен.

**Англияда қайда тұрдыңыз?**

Алғашында Қазақстаннан келген бір топ студент болып пәтер жалдадық, сосын, 1 жылдан соң жатақханаға ауысып көшіп алдық.

**Ең мықты профессорыңыз туралы айтып берсеңіз?**

Джон Трайб деген британ профессоры, оның үйрету методы ерекше еді.

**Англиядағы өміріңіз сізге не берді?**

Өмірімді қатты өзгертті және көп өзгеріс әкелді.

**Бағдарламаның негізгі бір талаптары бар ма? Мысалы, оқу үлгерімі нашарлап кетсе, не болады?**

Әрине, талабы бар. Егер, тапсырған жұмысыңыздың 15 пайыздан көбі плагиат болып шықса, ол пәннен «0» деген баға аласыз. Және жазғы тапсыруға қаласыз.

**Жастар үшін шетелде оқудың пайдасы қандай?**

Шетелде білім алудың пайдасы көп. Бірінші, адамның санасын, ой-өрісін жоғарылатады.

**Сұхбаттасқан:**
**Еркебұлан ЗЕЙНУЛЛАҰЛЫ,**
**Кәсіби бағдар бөлімі**

## СПАРТАКИАДА ӨТІП ЖАТЫР

**Университетте 11-24 қаңтар аралығында оқытушы-профессорлар мен қызметкерлер арасындағы XXVII қысқы факультетаралық спартакиада өтіп жатыр.**




Оқытушы-профессорлар мен қызметкерлер арасында салауатты өмір салтын насихаттау және спортқа деген қызығушылығын арттыру мақсатында ұйымдастырылған спорттық сайысқа университетіміздің 8 факультеті мен ректорат –шаруашылық бөлімі, «Түркістан Ахмет Ясауи кәсіби колледжі» және Кентау институты ұжымдарының командалары қатысып, 11 спорт түрі бойынша бақ сынасуда. Кіші футбол, тоғызқұмалақ, шахмат, дойбы, баскетбол, арқан тарту, қол күресі, жүзу, стол теннисі, эстафеталық ойын түрлерінен қаңтардың соңына дейін жалғасады .

**(Спартакиада қорытындысы туралы газетіміздің келесі санынан оқи аласыздар)**




Ясауи университеті
УНИВЕРСИТЕТ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ҮНІ

Газет 1995 жылдан шыға бастады

Меншік иесі: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Редакция мекенжайы: 161200, ОҚО, Түркістан қаласы, Б.Саттарханов, 29

Тел.: 8 (72533) 6-38-13 (1020)

e-mail a.yassaui@mail.ru

Қоғаммен байланыс бөлімі:
Бекжігіт СЕРДӘЛІ
aksari@mail.ru

Шығарушы редактор:
Жанар БЕЙСЕНБАЕВА
zhanar.beis_88@mail.ru

Дизайнер:
Асқат КЕҢЕС
askatken2002@mail.ru

Тілшілер:
Эльмира АРТЫҚБАЕВА
elmira_artykbaeva@mail.ru

Ғалымжан ТӘЖІБАЕВ
galimcan@mail.ru

Гүлдана ҚАРАБЕКОВА
guleke9292@mail.ru

Фототілші:
Елнұр СЕРДӘЛІ
eserdali@mail.ru

Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және кері қайтармайды. Редакцияға жолданған хаттар 1,5 машинкалық беттен аспауы тиіс. Автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді. Кейбір суреттер интернеттен алынды.

Газетті есепке қою туралы
№11180-Г куәлікті 2010 жылғы 4 қазанда Қазақстан Республикасының Байланыс және ақпарат министрлігі берген

«M-PRESS» ЖШС баспа үйінде басылды
Шымкент қаласы, Байтұрсынов, 18

Таралымы: 1000 дана

Тапсырыс нөмірі: